



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ДАЙДЖЕСТ #32

СӘУЛЕТШІЛЕР ОДАҒЫ

e-mail: info@kazarch.kz web: www.kazarch.kz phone: +7 701 711 1787 Instagram: @kazarch.kz

АРНАЙЫ ШЫҒАРЫЛЫМ

1 бет

Қазақстан Республикасы Сәулетшілер одағы (ҚР СО) KAZGOR жобалау академиясы және Жас сәулетшілер клубымен бірлесіп Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстан командалары қатысқан **2023 ЖЫЛҒЫ ЖАС СӘУЛЕТШІЛЕР КУБОГЫ** халықаралық байқауын ұйымдастырып, өткізді. Биыл байқау үшінші рет өтті. Бұдан бұрынғы Жас сәулетшілер Кубогы 2019 және 2022 жылдары өтіп, көп қатысушы – Қазақстан қалаларынан жас сәулетшілер мен жоғары оқу орындарының сәулет мамандықтарының студенттерін жинады.



Биылғы іс-шара үш күн бойы өтті – 2023 жылдың 24, 25, 26 тамызы.

Бірінші күні КУБОК қатысушылары KAZGOR жобалау академиясына келіп, бір-бірімен танысып, Академия мен ҚР Сәулетшілер одағының қызметімен толығырақ танысты.



Екінші күні негізгі байқау өтсе, ал үшінші күні ұйымдастырушылар қонақтарға Алматы қаласы бойынша экскурсия өткізді.



2023 ЖЫЛҒЫ ЖАС СӘУЛЕТШІЛЕР КУБОГЫ - Қазақстан мен Орталық Азия елдерінің жас сәулетшілерін дамыту және қолдау мәселелеріне арналған бірегей мультиформатты оқиға. Іс-шараның мақсаты: жас сәулетшілерге өздерін таныстыруға, өздерінің шығармашылық әлеуетін ашуға, кәсіби конкурстарға қатысуға тәжірибе жинауға және кәсіби қызметін мойындауға мүмкіндік беру. Кубокты халықаралық форматта өткізу Орталық Азия елдерінің жас сәулетшілерімен танысуға, тәжірибе алмасуға және олардың арасында тұрақты шығармашылық байланыстар мен қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік береді. Байқау қорытындысы бойынша қатысушылар арасында мықты командалар анықталып, жеңімпаздар марапатталды. Іс-шара біздің демеушілеріміз бен серіктестеріміздің қолдауының арқасында өтті.



БАҒДАРЛАМАДА

- Орталық Азия елдерінің жас сәулетші мамандары мен студенттеріне арналған командалық конкурс
- Жас сәулетшілер клубының таныстырылымы
- Тәжірибелі және танымал сәулетшілердің сөз сөйлеуі
- Барлық қатысушылар қатыса алатын Kahoot форматындағы викторина
- Жас сәулетшілер кубогының қатысушыларын марапаттау рәсімі.

ТӘЖІРИБЕЛІ СӘУЛЕТШІЛЕРДІҢ КУБОК ҚАТЫСУШЫЛАРЫ АЛДЫНДА СӨЗ СӨЙЛЕУІ



Исмаатов Ш.И. - Тәжікстан



Кариев Б.С. - Қырғызстан



Тухтаев У.И. - Өзбекстан



Кикоть А.А. - Қазақстан

ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ПІКІРІ



Конкурс шынында сапалы және жоғары деңгейде ұйымдастырылды! Біздің жас сәулетшілер жаңа таныстар, байланыстар мен достар тапты. Қазақстанның Сәулетшілер одағы біздің елдеріміздің жас сәулетшілерінің арасындағы достық пен қарым-қатынасты нығайтуға үлкен үлес қосты. Серік Сұлтанғалиұлына, Айдар Әбдісағитұлына, Бахром Усмановқа, Антон Васильевичке және и всему коллективу Проектной Академии KAZGOR жобалау академиясының барша ұжымына алғысымды білдіргім келеді. Бәрі керемет өтті!

Сәулетші, Мұратбек Бейшенбаев, Бішкек қ.

Бұл ескі әріптестер мен достардың кездесуі, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстаннан келген жаңа адамдармен танысу. Өзіміздің жас мамандарды таныстыруға, жолымызды жалғастырушылармен танысқанымызға өте қуанышты болдық. Жас сәулетшілер клубы мен KAZGOR жобалау академиясының таныстырылымдары, экскурсиялар, тәжірибелі сәулетшілердің сөз сөйлеуі, қатысушылар жобаларын қорғаған конкурс өткізу және Kahoot форматындағы викторина – барлығы керемет болды. Бәрі жоғары деңгейде өтті. ҚР Сәулетшілер Одағына, KAZGOR-ға, конкурс жүргізушілеріне, еріктілерге, осы орасан зор іс-шараға қатысқандардың барлығына алғысымды білдіремін. Осы тамаша байқауды өткізуге көмектескен Usmanov architects басшысы Усманов Бахром мен басқа демеушілерге ерекше рахметімді айтамын.

Сәулетші, Учкун Тухтаев, Ташкент қ.

Біздің Алматыға сапарымыз немесе бір кішкентай жеңіс тарихы. Тәжікстан сәулетшілер одағы мен amila academy-дің қолдауымен конкурсқа "Амсил" компаниясының және "Душанбешахрсоз" фзжи жас сәулетшілері жіберілді. 8 жас сәулетшінің алтауы "Амсил" компаниясында жұмыс істейді. Байқауда кімнің жеңетінін болжау мүмкін емес еді. «Амсил» компаниясында жұмыс істейтін "Душанбе сәулетшілері" командасының құрамына кірген Раджабов Санжар мен Собирова Дилафруз есімді жас сәулетшілер бақтарын сынаған сегіз команданың арасынан озып шығып, 2 орынға ие болды. Бірінші орынды Қырғызстанның "Алға" командасы, ал үшінші орынды Өзбекстанның "Минор" командасы алды. "Душанбе сәулетшілері" командасын жеңісімен мақтана шын жүректен құттықтаймыз.

"Душанбе Сәулетшілері" командасы Душанбе қ.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ДАЙДЖЕСТ #32 СӘУЛЕТШІЛЕР ОДАҒЫ

e-mail: info@kazarch.kz web: www.kazarch.kz phone: +7 701 711 1787 Instagram: @kazarch.kz

АРНАЙЫ ШЫҒАРЫЛЫМ

2 бет



Негізгі байқау бірнеше шығармашылық тапсырмадан тұрды: команданың таныстырылымы, берілген параметрлер мен талаптар бойынша нобайлық жоба жасау (үй тапсырмасы), жоба макетін жасау (байқау кезінде орындалды) және жалпы жобамен таныстыру.

ТАПСЫРМАНЫ ОРЫНДАУ СӘТІНЕН



Барлық командалар сапалы жобалар ұсынды, оларды бейнероликтермен және қызықты презентациялармен толықтырды. Барлық жұмыстар жарқын, ерекше және шығармашыл болды.



ARCHINETIC
Қазақстан

SATBAYEV UNIVERSITY
Қазақстан

ALGA
Қырғызстан

УРБАНИСТЕР
Қырғызстан



ВИТРУВИЙ ҮШТІГІ
Тәжікстан

RAVOQ
Өзбекстан

MINOR
Өзбекстан

ДУШАНБЕ СӘУЛЕТШІЛЕРІ
Тәжікстан

2023 ЖЫЛҒЫ ЖАС СӘУЛЕТШІЛЕР КУБОГЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ

Конкурсқа қатысушы барлық елдердің өкілдері кірген қазылар алқасы 3 жүлделі орын мен екі ынталандыру сыйлық иегерлерін анықтады.



I – орын 1000\$
ALGA
Қырғызстан

II – орын 600\$
ДУШАНБЕ СӘУЛЕТШІЛЕРІ
Тәжікстан

III – орын 400\$
MINOR
Өзбекстан

Archiforma Group-тан
арнайы сыйлық
УРБАНИСТЕР Қырғызстан

ҚР СО-дан арнайы
сыйлық – **SATBAYEV**
UNIVERSITY Қазақстан